

Хаттама № 1

«Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ-сінің
«Мектепке турникет орнату туралы»
«Қамқоршылық» кеңесі отырысының хаттамасы
05.08.2021ж

Қатысқандар
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9
Директордың ДТЖО- Казыбаева Д.Ж
Директордың ШЖО- Касатова К.Ж
Әлеуметтік педагог- Касатова Б.Т

Күн тәртібінде

1. Мектепке турникет орнату туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Директордың ТЖ орынбасары- Казыбаева Д.Ж.,
Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мақсатында мектептің кіре берісіне
турникет орнату қажет. Турникет орнатылған жағдайда ғимаратқа
бөгде адам кіре алмайды, мектепке тек мектеп қызметкерлері мен
мектеп оқушыларына кіру мүмкіндіктері болады. Мектеп Павлодар
облысы, Екібастұз қаласы, ТОО «Қауіпсіздік» агенттігінің (ABC
BERKUT) 2021 ж 02 тамыздағы №93 бұйрығына сәйкес турникет
орнату бойынша келісім- шарт жасады. Турникетті орнату- мектеп
оқушылары мен мектеп қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі үшін
жасалған шара екенін айтты.

СӨЙЛЕДІ: Тлеукулова Т. С. - қамқоршылық кеңес төрайымы,
мектебімізге турникет орнатылу керек, ата-ана ретінде баламның мектептегі
қауіпсіздігі мені алаңдатады. Сол себепті мектепке турникет орнатылу керек
деп ойлаймын.

СӨЙЛЕДІ: Атымтаева Қ, - кеңес мүшесі, оқушылардың қауіпсіздігі үшін
мектепке турникет орнатылу қажет дегенге қамқоршылық кеңесінің
мүшелері де келіседі.

ШЕШІМ:

Мектептің кіре берісіне турникет орнатылсын. Жауапты: директордың ШЖО
Касатова К.Ж. Мерзімі: 10.08.2021 ж дейін.

Мектеп директорының м.а Жолдасбекова М.М
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Тлеукулова Т.С
Кеңес хатшысы Мусаханова Д.Ж
Жолданов Д.К
Муслимов А.К
Кенжеханова Д.Ж
Басымбекова Ж.Н
Мырзабаева Н.К
Смагулова К.М
Дүйсембаева Д.С
Атымтаева Қ.А



«Балқаш қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №2

Күні: 01.09.2021 ж

Уақыты: 17.00

Қатысушылар: қамқоршылық кеңесінің төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес мүшесі құрамынан Басымбекова Ж мен Кенжеханова Д шығару.
2. 2021- 2022 оқу жылына қамқоршылық кеңес мүшесіне Сакенова Г мен Игембаева Е.В тағайындау.

Тыңдалды:

1.Жиналыстың күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директорының ТІЖО Мусаханова Д.Ж ата- аналарға 2021-2022 жылдардағы қамқоршылық кеңес мүшелерінің балалары басқа мектепке ауысуына байланысты өзгеруі жайлы айтты.

2.Күн тәртібінің 2- мәселесі бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері Басымбекова Жаннаның орнына 2А сыныбының ата-анасы Сакенова Гүлмира, 11-сынып оқушысының ата-анасы Игембаева Е.В тағайындалатынын айтты

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ауысуына байланысты қамқоршылық кеңес мүшелері 2А сыныбының ата-анасы Сакенова Гүлмира, 11-сынып оқушысының ата-анасы Игембаева Е.В тағайындалсын.

Мектеп директорының м.а

М.М.Жолдасбекова

Хатшы:

Д.Ж. Мусаханова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеукулова Т.С

Кеңес мүшелері:

Жолданов Д.К

Муслимов А.К

Смагулова К.М

Мырзабаев Н.К

Дүйсембаева Д.С

Атымтаева К.А



Қатысқандар:

Жолдасбекова М.М - директор м.а

Тлеукулова Т - қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Кеңес мүшелері - 9

Мусаханова Д.Ж – директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары

Касатова Б.Т – әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау.
2. Жаңажылдық ертеңгіліктердің өткізілу кестесі, кезекшілік.

1.Тыңдалды: Бірінші сұрақ бойынша мектеп директор м.а М.М. Жолдасбекова Қамқоршылық кеңесі мүшелері алдында 2021 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есеп берді. 2021 жылы кеңес мүшелері мектепте ұйымдастырылған барлық іс шараларға белсене қатысты. «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау» бойынша ақпарат берілді.

1. Жан басына шаққанда күнкөріс деңгейі төмен - **28 отбасы, 50 оқушы;**
2. Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар - **1 отбасы, 1 оқушы;**
3. Қамқорлықтағы оқушылар – **2 отбасы, 4 оқушы;**
4. Өзгеде санаттағы – **45 отбасы, 134 оқушы;**

Төтенше жағдай салдары шұғыл жәрдемді талап етуші отбасы – 0

2.Тыңдалды: ДТДЖО Д.Ж.Мусаханова биылғы оқу жылында жаңа жылдық ертеңгіліктердің кестесімен таныстырды. Ертеңгіліктер санитарлық – эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып сынып бөлмесінде өткізіледі. Мектеп әкімшілігімен құрамымен кезекшілік кестесі құрылды.

Шешімі:

1 – мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін. 2021-2022 оқу жылында қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен жылдық жоспарға сәйкес аз қамтылған және жағдайсыз отбасы үйлеріне мұғалімдермен бірге ұйымдастырылған рейдтер жүргізілсін.

2 – мәселе бойынша: Жаңажылдық ертеңгіліктер санитарлық – эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып сынып бөлмесінде өткізілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы

Тлеукулова Т.С

Мусаханова Д.Ж

Жолдасбекова М.М.

Тлеукулова Т.С.

Мусаханова Д.Ж.

Касатова Б.Т.

Мусаханова Д.Ж.

Смагулова К.М.

Дүйсенбаева Д.С.